

**Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі  
Білім комитетінің мәселелері**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Үкіметі 1998 жылғы 19 маусым N 571. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.05.10. N 557 қаулысымен. ~P990557

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 U973655\_ Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N 45, 410-құжат) және "Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 Жарлығын іске асыру мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қарашадағы N 1551 P971551\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Ұсынылып отырған:

Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің Білім комитеті туралы ереже;

Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі Білім комитетінің құрылымы;

Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі Білім комитетінің қарауындағы ұйымдардың тізбесі бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 19 маусымдағы  
N 571 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің Білім комитеті туралы

# ЕРЕЖЕ

## 1. Миссиясы

Ұлттық білім беру жүйесінің тиімді қызметін құру және қамтамасыз ету.

## 2. Қызметінің басымдықтары

Білім берудің жаңа ұлттық үлгісінің тұжырымдамалық негіздерін және нормативтік-құқықтық базасын әзірлеу, жүйенің тиімді жұмыс істеуі үшін жағдай жасау.

Білім беруді оқу-әдістемелік және кадрлық жағынан қамтамасыз ету.

Білім беру сапасын оның барлық деңгейі бойынша көтеру.

Білім беруді басқарудың тиімді жүйесін құру.

Білім беруді жоспарлау мен қаржыландыруды жетілдіру.

Балалардың жалпы білім беретін мектептерге толық баруын қамтамасыз ету.

## 3. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің Білім комитеті (бұдан әрі - Комитет) білім беру саласындағы мемлекеттік басқару органы болып табылады.

Комитет білім беру және тәрбие саласында мемлекеттік саясатты жүргізеді және осы мақсатта салааралық үйлестіруді жүзеге асырады.

2. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Комитеттің штат санын Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрі (бұдан әрі - Министр) бекітеді.

4. Комитет заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік тілде өзінің атауы жазылған мөрі болады.

#### 4. Білім комитетінің негізгі міндеттері

##### 5. Комитеттің негізгі міндеттері:

- 1) азаматтардың Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес мемлекеттік оқу орындарында кепілдікті тегін орта білім алуын қамтамасыз ету;
- 2) білім беру саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу және оларды іске асыру;
- 3) қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді басымдықтарының негізінде Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың стратегиясын қалыптастыру және іске асыру;
- 4) білім берудің барлық деңгейі бойынша мемлекеттік стандарттарды әзірлеуді ұйымдастыру;
- 5) нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу, олардың қолданылу практикасына талдау жасау;
- 6) мектеп жасына дейінгі, жалпы орта, кәсіптік-техникалық, арнаулы орта, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мазмұнын айқындау;
- 7) оқу-тәрбие ұйымдарының үлгілерін әртүрлі ұлттық және аймақтық ерекшеліктерге сәйкес дамыту үшін жағдай жасау;
- 8) кадрларды даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру, қоғамның кәсіптік-техникалық, арнаулы орта, жоғары білімі бар жоғары білікті мамандарға деген сұранымын қанағаттандыру;
- 9) ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарының қызметін бағалаудың бірыңғай жүйесін құру;
- 10) білім берудің барлық деңгейінің сапасына және нормативтік құқықтық актілердің, нұсқаулық-әдістемелік құжаттамалардың, алқа шешімдерінің және Министрліктің бұйрықтарының атқарылуына бақылау жасауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;
- 11) білім беру жүйесінің тиісті ұйымдарында ғылыми қызметті басқару жүйесін әзірлеу және іске асыру, ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды үйлестіру;
- 12) халықаралық шарттар мен келісімдердің жобаларын дайындауға қатысу, білім беру және жоғары оқу орны ғылымдары саласында халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасу және ынтымақтастық;
- 13) ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық және оқу-ғылыми-өндірістік базасын дамыту;
- 14) республикалық бюджеттен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдарды дамытуды жоспарлау және қаржыландыруды қамтамасыз

ету;

15) педагогикалық қызметкерлерді әлеуметтік қорғау, олардың қоғамдағы әлеуметтік мәртебесін көтеру жөніндегі шараларды жүзеге асыру болып табылады.

## 5. Білім комитетінің функциялары

6. Комитет негізгі міндеттеріне сәйкес мынадай функцияларды орындайды:

1) өз құзыретінің шегінде оқу орындары мен оқу-тәрбие ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

2) барлық үлгідегі оқу орындарында әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық бағдарламаларды, білім беру мен тәрбие жұмыстарын дамытудың жоспарларын әзірлеуге қатысады;

3) уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп, мамандарды, жоғары білікті жұмысшыларды және қызметкерлерді даярлауға мемлекеттік тапсырысты айқындауға және орналастыруға қатысады;

4) мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, білім беру саласында мақсатты халықаралық бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысады;

5) шетелдік несиелер мен инвестицияларды білім беру ұйымдарына тарту және пайдалану жөнінде ұсыныстар енгізеді;

6) білім беру саласында Қазақстан Республикасының ведомствоаралық шарттарын (келісімдерін) жасасу жөнінде ұсыныстар әзірлейді, ведомствоаралық ынтымақтастық бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді;

7) мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, жоғары, арнаулы орта және кәсіптік-техникалық оқу орындарында кадрларды даярлау жүргізілетін Мамандықтардың жіктемелерін және Кәсіптер тізбесін айқындайды және жыл сайын оларға қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

8) оқыту технологиясы саласында инновациялық саясат жүргізеді;

9) заңдарда белгіленген тәртіппен білім беру ұйымдарын лицензиялауды ұйымдастырады және жүзеге асырады, сондай-ақ лицензияларды тоқтата тұрады және кері қайтарып алады;

10) ведомстволық бағыныстылығына қарамастан жоғары, арнаулы орта, кәсіптік-техникалық оқу орындарын, кадрлардың біліктілігін арттыру мен оларды қайта даярлау ұйымдарын аттестациялау мен тіркеу үшін нормативтік құқықтық актілерді, регламенттерді әзірлейді;

11) білім берудің барлық деңгейлеріне және жоғары оқу орындары мен Министрліктің ғылыми-зерттеу ұйымдарында ғылыми қызметті жүзеге асыруға бағытталатын бюджеттік қаражатқа қажеттілікті есептеу жөніндегі жұмысқа қатысады;

12) мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп білім беру жүйесінің қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесін жетілдіру және оларды әлеуметтік қорғау жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

13) білім беру ұйымдарының бюджеттік және бюджеттен тыс қаражаттарды пайдалану жөніндегі қаржы-шаруашылық қызметіне талдау жүргізеді;

14) республикалық бюджетте тұрған ведомстволық бағынысты оқу орындары мен ұйымдардың ғылыми-зерттеу қызметін қаржыландыруды жүзеге асырады;

15) басқа мемлекеттік органдармен бірлесіп, еңбек рыногын маркетингтік зерттеуді жүргізеді және мамандарға сұранысты айқындайды;

16) мемлекеттік кәсіптік-техникалық, арнаулы орта, жоғары оқу орындарына және магистратураға қабылдаудың Үлгі ережесін бекітеді;

17) гранттардың негізіндегі зерттеулерді қоса алғанда, жоғары оқу орындарында және білім беру жүйесінің ғылыми мекемелерінде жүргізілетін іргелі зерттеулерді, іздестіру және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды дамыту жөніндегі бағдарламаларды әзірлейді және практикалық шараларды жүзеге асырады және ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің нәтижелерін оқу процесіне енгізу мен практикада іске асыруға бағытталған ұйымдастыру-экономикалық және инновациялық қызметтерге жәрдемдеседі;

18) Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясымен, салалық академиялармен, экономика саласындағы ұйымдармен іргелі, қолданбалы ғылымдарды интеграциялау саласында ынтымақтастықты жүзеге асырады;

19) меншік нысандарына қарамастан, оқу орындары үшін білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды әзірлейді және бекітеді, белгіленген тәртіппен шетелдік мемлекеттердің білім туралы құжаттарының баламдылығын айқындайды, оларды Қазақстан Республикасының аумағында тану (нострификация) мәселелерін шешеді;

20) мектептерде, мектеп жасына дейінгі, арнаулы түзету, интернаттық ұйымдарда және балалар үйлерінде оқу-тәрбие және емдеу-сауықтыру процесін ұйымдастыруға әдістемелік, психологиялық-медициналық-педагогикалық талаптарды айқындайтын ұсынымдарды әзірлейді;

21) білім беру ұйымдарында шағын және орта бизнестің түрлі нысандарын қалыптастыруға және дамытуға жәрдемдеседі;

22) ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

## 6. Білім комитетінің құқықтары

## 7. Комитеттің өзіне жүктелген функцияларды орындау үшін белгіленген

тәртіппен:

1) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, бұйрықтар шығаруға, нормативтік құқықтық және әдістемелік құжаттамаларды әзірлеуге және бекітуге;

2) Комитеттің қызметкерлері мен ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшыларын қызметке тағайындауға және қызметтен босатуға;

3) білім және ғылым саласында алда тұрған жекелеген міндеттерді шешу үшін уақытша шығармашылық және зерттеу ұжымдарын (топтарын) ұйымдастыруға;

4) мемлекеттік оқу орындары мен білім беру ұйымдарының, мемлекеттік мекемелердің қызметіне бақылау жасауды жүзеге асыруға, кадрлардың біліктілігін арттыруға және оларды қайта даярлауға;

5) белгіленген тәртіппен облыстық білім басқармаларын және департаменттерді, жоғары оқу орындарын, колледждерді, жетекші ғалымдарды, жаңашыл мұғалімдерді оқу-бағдарламалық құжаттамаларды, әдістемелік ұсынымдарды әзірлеуге тартуға;

6) белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан және ұйымдардан Комитеттің құзыретінің мәселелері бойынша ақпарат сұратуға және алуға;

7) жоғары және арнаулы орта оқу орындарын, басқа да білім беру ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату жөнінде ұсыныстар енгізуге;

8) білім беру мекемелерін лицензиялауды жүзеге асыруға, сондай-ақ заңдарда белгіленген тәртіппен лицензияларды тоқтата тұруға және кері қайтарып алуға;

9) ведомстволық бағынысты ұйымдарда бюджеттік қаражаттардың пайдаланылуының дұрыстығына, тиімділігіне тексерулер жүргізуге қатысуға;

10) Комитеттің құзыреті шегінде қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимылды, сондай-ақ мемлекеттік, мақсаттық және кешенді бағдарламаларды іске асыру жөнінде салааралық және аймақаралық үйлестіруді жүзеге асыруға құқығы бар.

## 7. Білім комитетінің қызметін ұйымдастыру

8. Комитетті Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен Төраға басқарады.

Төрағаның Комитет төрағасының ұсынуы бойынша Министр қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын екі орынбасары болады.

Басқармалардың бастықтарын, басқарма бастықтарының орынбасарларын, басқармалардың құрамындағы бөлімдердің бастықтарын, дербес бөлімдердің бастықтарын Комитет төрағасының ұсынуы бойынша Министр қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Комитеттің барлық қалған қызметкерлерін комитеттің тиісті құрылымдық

бөлімшелері бастықтарының ұсынуы бойынша Комитеттің төрағасы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

9. Комитетте неғұрлым маңызды мәселелерді кеңінен және жан-жақты талдау және қарау үшін Комитет төрағасының, оның екі орынбасарының, дербес құрылымдық бөлімшелері басшыларының және өзге де адамдардың құрамында Алқа құрылады.

Алқаның сандық құрамын Министр белгілейді, ал жеке құрамын Төраға бекітеді.

Алқаның шешімдері хаттамаларын, қаулылармен ресімделеді және бұйрықтармен бекітіледі.

10. Төраға Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және басқарады және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы және оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапкершілікте болады.

Төраға осы мақсатта:

1) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес барлық мемлекеттік және өзге де органдарда, ұйымдарда Комитетті білдіреді;

2) Комитеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен басқа да

қызметкерлерінің міндеттері мен құқықтарын белгілейді;

3) өз құзыретінің шегінде қажетті шешімдер қабылдайды;

4) құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерді және Комитеттің жұмыс регламентін бекітеді;

5) Министрлік басшылығының қаруына Комитеттің құзыретіне жатпайтын мәселелер жөнінде ұсыныстар енгізеді.

11. Комитет заңдарда белгіленген тәртіппен білім беру жүйесінің тиімді қызметін қамтамасыз ету үшін жауапкершілікте болады.

12. Комитет заңдарда белгіленген тәртіппен қайта ұйымдастырылады және таратылады.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 19 маусымдағы  
N 571 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және  
денсаулық сақтау министрлігі Білім комитетінің

## ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық

Жоғары және арнаулы орта білім басқармасы

Орта, кәсіптік білім және тәрбие басқармасы

Үйлестіру және бақылау бөлімі

Қаржы-экономика бөлімі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1998 жылғы 19 маусымдағы

№ 571 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі Білім комитетінің қарауындағы ұйымдардың

### ТІЗБЕСІ

Жоғары оқу орындары:

С.Сейфуллин атындағы Ақмола аграрлық университеті

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университеті

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университеті

Қ.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті

"Семей" мемлекеттік университеті

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті

О.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті

Дәулеткерей атындағы Батыс Қазақстан өнер институты

Батыс Қазақстан аграрлық университеті

А.С.Пушкин атындағы Батыс Қазақстан гуманитарлық университеті

Е.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Қарағанды металлургия институты

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Қостанай ауыл шаруашылығы институты



Рудный индустриалдық институты  
Алматы технологиялық институты  
Ш.Есенов атындағы Ақтау университеті  
С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті  
Солтүстік Қазақстан университеті  
Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті  
І.Жансүгіров атындағы Талдықорған университеті  
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты  
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті  
Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті  
Қазақтың Ұлттық музыка академиясы  
Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясы  
Қазақ Көлік және коммуникациялар академиясы  
Т.Жүргенов атындағы Қазақ мемлекеттік театр және кино институты  
Қазақ мемлекеттік сәулет-құрылыс академиясы  
Қазақ мемлекеттік басқару академиясы  
Қазақ мемлекеттік көркем өнер академиясы  
Абылай хан атындағы Қазақ мемлекеттік халықаралық қатынастар  
және әлем тілдері университеті  
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты  
Қазақ дене тәрбиесі институты  
Қазақ ұлттық техникалық университеті  
Қазақ мемлекеттік аграрлық университеті  
Алматы энергетика және байланыс институты  
Қазақтың мемлекеттік заң университеті  
Атырау мұнай және газ институты

#### Арнаулы орта оқу орындары (колледждер)

К.Байсейітова атындағы республикалық музыка колледжі  
П.И.Чайковский атындағы Алматы музыка колледжі  
Ж.Елебекова атындағы республикалық эстрада-цирк колледжі  
Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі  
Республикалық көркем өнер колледжі  
Таңсықбаев атындағы Алматы безендіру-қолданбалы өнер колледжі  
Қ.Мұңайтпасов атындағы республикалық спорт колледжі  
N 2 республикалық спорт колледжі

#### Мектеп-интернаттар

Шымкент республикалық әскери мектеп-интернаты  
Қарағанды республикалық әскери мектеп-интернаты  
Б.Момышұлы атындағы Алматы республикалық әскери мектеп-интернаты  
А.Жұбанов атындағы республикалық қазақ орта музыка  
мектеп-интернаты  
Қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын республикалық  
мектеп-интернат  
Республикалық физика-математика мектеп-интернаты

#### Басқа да ұйымдар

Республикалық Оқушылар сарайы  
"Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталық  
Республикалық білім беру жүйесінің басшы және  
ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру  
институты  
Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясы  
Республикалық ақыл-ой және дене дамуы жағынан кемістігі бар  
балалар мен жасөспірімдерді кәсіби-еңбекке баулуға әлеуметтік  
тұрғыда бейімдеу ғылыми-өндірістік орталығы  
Физикалық-технологиялық оқу-ғылыми орталығы  
Республикалық білім беруді ақпараттандыру ғылыми-әдістемелік  
орталығы  
Республикалық мемлекеттік білім стандарттары орталығы  
Оқу-әдістемелік орталық, Ақтөбе қаласы (Қазақтың көлік және  
коммуникациялар академиясының филиалы)  
Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхана  
Республикалық педагогика мұражайы  
Республикалық "Тәжірибе-эксперименттік бірлестік" кәсіпорны  
Республикалық мектеп жиһаздарын жасау және жөндеу жөніндегі  
бірлестігі (шаруашылық жүргізу құқығында)  
Қазақстан балалар қоры  
Республикалық педагогикалық қоғам  
"Қазақстан мұғалімі" газетінің редакциясы  
"Учитель Казахстана" газетінің редакциясы  
"Қазақ тілі және әдебиеті" журналының редакциясы  
"Қазақстан мектебі" журналының редакциясы  
"Русский язык и литература в казахской школе" журналының  
редакциясы

"Қазақбілімжабдықтау" өндірістік-коммерциялық бірлестік  
республикалық мемлекеттік кәсіпорны

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК